

Отырар аудандық орталық кітапхана



«Отырар даңқы»

/ Тарихи - танымдық кешеніне саяхат/

«Отырар даңқы»/тарихи танымдық кешеніне саяхат /Отырар аудандық орталық кітапхана; құрастырған:Р.Мақтабекова, редактор:Р.Пернебаева, жауапты: А.Рыскелді. –Отырар.

АЛҒЫ СӨЗ

Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңнен білуден басталады. Біздер, кітапхана қызметкерлерінің негізгі мақсаты - өлкетану жұмыстарын пәрменді жүргізіп, «**Туған жер**» бағдарламасын іске асыру болып табылады.

«**Туған жерге туыңды тік!**» деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншілігін білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлай білуі керек.

Қазақ тарихында қасиеті қастерленген мекендер көп. Соның ішінде ұлылардың отаны атанған Отырардың шоқтығы биік. Оның тарихына бойлау - әр қазақтың мақсаты болса, қанекей!

Осы мақсатта Отырар аудандық орталық кітапханасы «**Отырар даңқы**» атты тарихи-танымдық кешеніне саяхат ұйымдастырып отыр. Бұл саяхат өңіріміздің тарихи жерлерін танып білуге көмектеседі деген ойдамыз.

«Отырар даңқы» тарихи - танымдық кешеніне саяхат

Жүргізуші: Біздің туған жеріміз киелі Отырар қойнындағы тарихи жәдігерлерімен, әйгілі ғұлама ғалымдарымен тарихтан үлкен орын алған өзгеше өлке.

Орта ғасырда әлемдік деңгейге жеткен Отырар өркениетін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта өркендетуге, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі ұсынған **«МӘДЕНИ МҰРА»** бағдарламасына орай, Отырардың мәдени ескерткіштерін сақтап, оны өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыруға бағытталған.

Ол игілік жас ұрпақтың білімді, рухы мықты, еңбексүйгіш, ұлттық тарихи құндылықтарымызды қастерлейтін, еліне адал азамат болып өсуіне септігін тигізері сөзсіз.


Отырар тарихының қилы - қилы кезеңдерінен сыр шертетін, оның киелі топырағында туылған ғұлама бабаларымыздың рухын жаңғыртатын ашық аспан астындағы мұражай іспетті **«Отырар даңқы»** тарихи - танымдық кешеніне саяхатымызды бастаймыз.

Жүргізуші: 1-ші аялдама **«Даңқты бабалар саяжолы»**



«Даңқты бабалар саяжолына» кіреберіс қақпа доға тәріздес 5 метрлік бағаналарға орнатылған. Оларға Отырардан шыққан 31 ғұлама әл-Фараби бабалардың мүсіні орнатылған. Бедерленген бағаналарда тас дәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін Отырар өркениеті бейнеленген.

Жүргізуші: қарсы алдарыңызда Отырардың қаһармандық ерлігін әшекей тастармен бейнелеген Мұнда «**Отырар қорғанысы**» атты панно тұр.



Панно бетінде жерлесіміз заңғар ақын М.Шахановтың ұлт ерлігі мен ар - намысын төмендегідей өлең жолдармен бейнелеп жазған:

Ұлы Отырар - Азиядан бастау алған заңғар шың,
Күллі жеңіс жырымыздың өзегінде сен барсың.
Тіршілікті түнекке орап, соққан кезде тас дауыл,
Алты ай бойы Шыңғысханға сен болғансың тосқауыл!
Сенен алған қайтпас - қайсар мінезіңнің бастауын,
Желтоқсанда Алматыны дүр сілкінткен жас қауым.
Қоспасысың ерлік - салттың, қуаныш пен қайғының,
Отырарым - мақтанышым, ар - намысым Айбыным!

Жүргізуші: 2 –ші аялдама «Әбу Нәсір әл - Фараби ескерткіші»



Әбу Нәсір әл - Фараби ескерткішінің тұғырымен қосқандағы биіктігі – 9,8м, диаметрі-1,5м.ескерткіш қолдан құйылып тұғыры қара мрамор плитамен қапталған

Жүргізуші : 3-ші аялдамамыз - тарихы мол танымдық кешенінің жалғасындай болып ән падишасы Ш.Қалдаяқовқа арналған «Менің Қазақстаным» атты саябаққа келіп тұрмыз.



Отырардың киелі топырағының қасиетін бойына дарытып, теңдессіз талантымен ән әлемінде мәңгі қалықтаған Шәмші ағамызға арналған ескерткіш орнатылған.



Шәмші Қалдаяқов ескерткішімен жалғаса **«Социалистік Еңбек Ерлері»** аллеясы орналасқан.



Аллеяның екі жағына Еңбек ерлерінің тұғырлы мүсіндері қойылған. Жол жиегінде орнатылған доға пішіндес 7 тақтаға ауданның 22 Социалистік Еңбек Ерлерінің есімдері жазылған. Аллея **«Совет Одағының батырларының ескерткішіне»** жалғасады.



Ұзындығы 5 м, биіктігі 2,2 м келетін дуалдың ортасына үлкен құмыра орнатылып, екі шетіне Совет Одағының Батырлары Сейітқасым Әшіров пен Темірбек Ибрагимовтың мүсіндері қойылған.

Жүргізуші : 4-ші аялдамамыз - **«Батыр аналар»** аллеясына жалғасады.



Қақпаның кіре берісіне баласын көтерген **«Батыр ана»** ескерткіші орнатылған. Ескерткіштің тұғырына **«Ана бір қолымен бесік тербетеді, бір қолымен әлемді тербетеді»**

деген қанатты сөз жазылған. Осындағы шығыстан, батысқа қарай, Д.Алтынбеков каналына дейін созылған аяқ жолдың екі жағына доға пішіндес 10 тақтаға ауданымыздың көп балалы батыр аналардың есімдері жазылған.



Жүргізуші : 5 – аялдамамыз Отырар тарихи танымдық кешенінің 2 кезеңі **«Киелі ағаш»** бөлімімен танысамыз.



«Отырар даңқы» тарихи- танымдық кешенінің кіреберісі **«Киелі ағаш»** композициясымен басталуы бекер емес.

Сонау ерте заманда монғол шапқыншылығынан отқа оранған Отырардан бір баланың қашып шыққаны айтылады. Түрік әлемінің ақиық ақыны Мұхтар ағамыз айтқандай «қашып шыққан сол баяғы баладан, бұл күндері санатты ұрпақ тараған». Сол бала мен бүгінгі ұрпақтың символы ретінде «**Киелі ағаш**» композициясы көрермендерге сыр шертеді. Ой тербетіп, жан тебірентеді. Отырар өңірінен тараған ұлы адамдардың жалғасы секілді өсіп келе жатқан жаңа ұрпақтың символы ретінде қойылған «Киелі ағашта» осындай терең фәлсафа, пайымды парасат бар. Арғы-бергіні қозғайтын шежірелі тілі бар.

«**Киелі кітап**» кешені - Отырар қаласын көрсететін айналдыра қоршау ретінде берілген дуалдан және ортасында қара кубтен жасалған монументтен тұрады. Ол әлі табылмаған әлемге әйгілі Отырар кітапханасының символы ретінде қойылған.

Кітаптың мүсіндеме бетінде араб жазуымен «АЛЛАҺ» және Мұхаммед Пайғамбар Ғ.С. жазуымен «**Кітап - білім бұлағы**» сөзі жазылған.



Жүргізуші: 6-шы аялдамамыз - Отырар өлкесінің өркендеуін және тұрмыстық жағдайын бейнелейтін төбелердің символы ретінде ашылмаған қалашық төбе орналасқан.



Бұл **«Төбешік»** жайлы алуан түрлі аңыздар көп. Бұрынғы гүлденген, саудасы мен мәдениеті дамыған қаланың орны қазір төбе болып жатыр.

Олар жайлы да айтылар аңыз көп. Солардың бірі Шыңғысханның жойқын шабуылына қарсы тұрып, алты ай бойы арпалысқан Отырардың ойран болып күйреуінен жер ананың қайғыдан көкірегі қарс айрылып, жүрегі қақ бөлінген деседі. Сол кездегі бақытын баянды ете алмай ойран болған Отырардай алдарыңызда **«Төбе»** екіге жарылып тұр.

Жүргізуші: 7-ші аялдамамыз — **«Дүйсенбай Алтынбековтың ескерткіші»** Биіктігі 2,9 м, тұғырының биіктігі 1,2 м. Ескерткіш аралас фибро бетонмен қапталған. Ескерткіштің арқа жағындағы ұзындығы 32 м. Биіктігі 3,2 м. Шлакоблоктан қаланған қорғанға ауданымыздың негізін қалаған, алғашқы ауатком төрағасы Д.Алтынбековтың өмір деректеріне қатысты тарихи материалдар қойылған.



Одан әрі тарихи танымдық кешен - Д.Алтынбеков атындағы каналға салынған мына алдарыңыздағы көпір мен Тәуелсіздігіміздің белгісі ретінде жасалынған биік аркалар комплексімен таныс болыңыздар.



Аркалар - жеңісіміздің, тәуелсіздігіміздің белгісі ретінде қойылған. Одан бүгінде өсіп өркендеген, не қиындықтарды артқа тастап, еңсесін тіктеген, Қазақстан сияқты өркениетті елдің дүние жүзіне әйгіленген әлемін, биік рухын көргендей боласыз.

/Аркалар таныстырылады/

«Отырар даңқы» атты тарихи - танымдық кешенінің ашылуы тарихи маңызы зор құбылыс және заңдылық. Әйткені , бүкіл адамзат әлемде теңдесі жоқ ұлы ойшыл жерлесіміз Әбу Нәсір әл Фарабидің туған, өмір сүрген, білім алған, ғылыммен айналысқан , бабамыздың туған жері Отырарды халықаралық туризм орталығына айналдыру, оны дүние жүзілік туристік – мәдени бағыт бағдарда дамыту қолға алынуда.

Бүгінгі саяхатымызды жергілікті ақын Сейітман Серіктің мына өлеңімен аяқтасақ:

Сан жылдардың, ғасырдың,
Үні болған - Отырар.
Сан мыңдаған ақынның,
Жыры болған - Отырар.
Фарабиді өмірге,
Алып келген - Отырар.
Шырқау шыңның өріне,
Бақыт берген - Отырар.
Ұлы көсем Қайырға,
Намыс берген - Отырар.
Тарихы бар бес елі,
Сұлу көркем - Отырар.
Ұлылардың мекені,
Ұлы өлкем - Отырар.

Өмірде жас жеткіншектеріміздің жан дүниесінің бай әрі әдемі болып есеюінің маңызы зор. Әрбір жас жеткіншек туған елінің тарихын білуі тиіс. Ол үшін ата- баба ерлігін баяндайтын батырлар жыры мен әңгімелер, өлеңдер жазылған шығармаларды аудандық балалар кітапханасынан алып оқысаңыздар, өз еліміздің тарихы туралы жете білетін боласыздар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ералы Шоқай, Сәбит Пәрменқұл
Отырар алқабындағы қасиетті орындар. [Мәтін]: Кітап - альбом.
Ералы Шоқай, Сәбит Пәрменқұл.- Алматы: «Аспантау»
2017.- 560 бет
2. Қыдыр Еркін
Отырар. [Мәтін] Астана: «Фолиант» баспасы 2009. - 304 бет
(Менің Отаным -Қазақстан сериясы.)
3. **Отырар.** [Мәтін]: Энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы,
2005. -456 бет
4. **Отырар жәдігерлері.** [Мәтін]: Альбом кітап. -Алматы: «Рух - дария» баспасы, 2004.- 180 бет
5. **Ұлылар елі - Отырар.** [Мәтін]: / жоба жетекшісі Б.Зұлпықаров
Шымкент: «Шың» баспаханасы, 2015.-360 бет
6. **Шежірелі Отырар.** -Алматы: «Еңлікгүл» баспасы, 2005.- 356 бет.



Отырарым, бабам сенсің бас иетін,
Анам сенсің, терең бүккен қасиетін.
Сенің даңқың, менің мәңгі мақтанышым,
Сенің қайғың — менің мәңгі қасіретім.

М.Шаханов

Мекен-жайымыз:

Отырар ауданы
Шәуілдір ауылы
Н.Оңдасынов көшесі, 2
Эл. Пошта: Otrar_kitap@mail.ru